

Шахманова М.С.,

з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының аға оқытушысы

ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекет халықтың өмір сүру деңгейін жақсартып отырып өзінің экономикалық функцияларды жүзеге асырады. Экономикалық функциялар елдің экономикасын дамытудың стратегиялық бағыттарын біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Бұл функция бөлу немесе нарықтық экономикаға байланысты. Бөлу экономикасы кезінде мемлекеттік меншіктің басымдылығы болады, мемлекет монополиялық әдіспен экономикалық қатынастарды басқарады, өндіріс көлемін, тауар айналымын, ресурстарды бөлуді тек экономиканы орталықтандырылған жүйе арқылы басқаруды анықтайды. Қоғамның экономикасына мемлекеттік тұтастай әсер ету, өндірістік және ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру, өндірісті ынталандыру үшін материалдық игіліктерді өндірушілерге субсидия беру құқықтық мемлекеттің экономикалық қызметінің бағыттары болып табылады.

Мемлекет қоғамның экономикалық дамуының стратегиясын анықтайды. Тек мемлекет қана экономикалық функцияны жүзеге асыра отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды міндеттерін шешуге байланысты шараларды қаржыландыруды ұйымдастыруы тиіс. Мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудың бірден-бір әдісі бюджеттік несиелеу және бюджеттік инвестициялау түрінде бюджет құралдарын пайдалану болып табылады.

Мемлекет функциясы мемлекет билік органдарының нақты субъектілері арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрекеттер өзара әртүрлі, бірақ бір топтамаға әкеп біріктіруге болады. Мемлекеттің қызметін жүзеге асыру әрекеті көрінісі мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысаны мен бірдей түсіндіріледі.

Мемлекеттің функцияларын жүзеге асыру нысаны – бұл оның функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдар қызметінің түрлері.

Мемлекеттің функциясын жүзеге асырудың құқықтық және құқықтық емес екі нысаны бар. Он кейде құқықтық және ұйымдастырушылық нысандарын бөліп көрсетеді. Бұл құқықтық актілер қабылдаумен байланысты және заңдық салдар тудыратын

мемлекеттік органдар қызметінің біртектілігі.

Мемлекет функцияларын жүзеге асыру тәсілдері – әдіс және тәсілдер көмегімен мемлекеттің функциясын мемлекет органдары іске асырады. Осындай әдістердің ішінен: сендіру мен көндіру, көтермелеу мен жазалау және т.б. бөліп қарастырады.

Құқықтық нысанға анықталған заң талаптарына сәйкес юридикалық маңызды әрекеттермен байланысты қызметтері жатқызылады. Олар мемлекеттік билікті тасымалдаушы субъектілердің табиғатымен және жүзеге асыратын мемлекеттік-биліктік құзыретімен анықталады.

Екіншісі, яғни ұйымдастырушылық нысаны юридикалық емес әрекеттерді іске асырумен тікелей байланысты. Бұл әрекеттер құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды. Бірақ бұл айтылғандар бұндай әрекетер толғымен заң талаптарына бағынбайды деген сөз емес.

Қандай да органның ұйымдастырушылық қызметі жалпы заңға бағынышты актілерге бағынады. Құқық мемлекет саясатын өмірге енгізуші, оның функциясын іске асыруымен байланысты тиімді құрал деген жөн.

Сондықтан мемлекет функциясын жүзеге асырудың нормативті-құқықтық механизміне тоқталған дұрыс. Бұл бағытта барлық құқықтық-нормативтік және жеке-құқықтық реттеу құралдары мемлекет функциясын іске асырда басты орынға ие болады. Олар бір-бірін толықтырады, дамытады, нақтылайды. Сонысымен біртұтас өзара келісілген жалпы және нақты ұйғарымдар құрап мемлекет функциясын жүзеге асырады.

Мемлекеттің функциясының маңызды мәселе екендігін ескере отырып, елдің ата заңы - конституция бұл мәселеден асып кете алмайды. Әрине, конституция мемлекет өмірін толығымен, жан-жақты реттейді деуден аулақпыз. Бірақ, мемлекет өмірінің тірегі болып табылатын түбегейлі мәселерге қатысты, ағымдағы базалық ұйғарымдарды анықтай отырып реттейді.

Заңи және заңға тәуелді актілері осы ұстанымдар мен жазбалардан шығып мемлекеттік функцияларды іске асырумен байланысты барлық қоғамдық қатынастарды жанжақты және нақтылы реттеуді қамтамасыз етеді. Солай, конституциядан бастау алған осы қатынастарды реттеудің ісі аталған актілермен логикалық соңына дейін жеткізітіндей болады. Тұтастай және жеткілікті бітеді, өзінің негізді құраммен шешілген.

Мемлекеттік функциялар сұрақтары бойынша конституциялық ұстанымдар мен жазбаларды алатын болсақ, онда, әрине, әртүрлі конституцияларда олардың саны, олармен қоғамдық қатынастардың ауқымының аясы, олардың жалпыламасының және

дифференциаланудың дәрежесі әртүрлі екенін айтуға қажет. Бір мемлекеттердің конституциялары аталған сұрақтарға көп назар аударады, мемлекеттік функцияларға жалпы да сипаттамасын беріп, сонымен қатар не әрбіреуіне, не көптеген функциялардың реттеуіне тоқтатылады. Басқа мемлекеттердің конституциялары болса аталған сұрақтар бойынша қысқа жалпы немесе нақты реттеулермен ғана шектеледі, мемлекеттік функцияларының нақтылы, және де жеткілікті түрдегі сипаттамалардан алшақ тұрады, сонымен қатар осы істің басқа да бөлшектерге назар аударылмайды.

Мемлекеттік функциялар туралы конституциялық ережелер толықтай немесе қысқа түрде құрастырғанға байланысты осы сұраққа арналған заңи және заңға тәуелді актілердің мөлшері туралы сұрақ шешіледі. Әр жағдайда да конституциялық және оларды бөлшектендіретін ағымды нормативті құқықтық актілер өзінің тұтастай мөлшерде мемлекеттік функцияларды құрастырумен, дамуымен және іске асыруымен байланысты негізгі қатынастарды жеткілікті және толықтай реттеуге арналған.

Яғни, мемлекеттік функцияларды іске асыру процесстерді конституциялық және ағымды реттеу бөлшектері мемлекеттерде әртүрлі болады. Бұл әрбір мемлекетте орын алатын конституционализмді пайдалану және құқықтық жүйенің басқа да құрамдармен байланысы бойынша сұрақтарынан, сондай-ақ ең қажетті қоғамдық қатынастарды реттеудегі Негізгі заңның қандай нақтылы рөлге ие екеніне де байланысты әдет-ғұрпынан сәйкес келеді. Көрініп отырғандай, мемлекеттік функцияларды құрастыру, дамуы және жүзеге асыруы сұрақтары толығымен конституцияда көрсетілген болса, онда бұл жақсылау. Осы жағдайда ағымды реттеудің мәселелері көп мөлшерде жеңілдетіледі, өйткені ол өзінің бірқатар компоненттерде келеді, және де реттеудің бағыттары бойынша конституциялық жазбаларға ие болып олардың нақтылаумен, бөлшектенуімен және дамуымен шектеледі. Ғылыми еңбектердің өте үлкен мөлшерін ағымды реттеуімен өзіне тек сол жағдайларда ғана алынады, егер конституция мемлекеттік функцияларды және оның басты жақтарының мәселесін не мүлдем қарастырмайды, немесе минималды мөлшерде оларды қарастырады. Осы жағдайда ағымдағы реттеу конституциямен іске асырылмағаннан қалған мәселелерді шешумен айналысуы мәжбүр болады, сондай-ақ оны жүзеге асыру кезінде міндетті түрде шығатын мәселелердің толық мөлшерін орындауға мәжбүр.

Көрініп отырғандай, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруы аясында пайда болатын қатынастарды нормативті-құқықтық реттеудің жалпы мөлшері - қоғамның дамуының әрбір нақты кезені үшін

толығымен тұрақты сипаты болып табылады. Бірақ бұл тұрақты мөлшердің ішінде әрбір мемлекетте оның конституциялық-реттеушілік және ағымдағы реттеушілік бөлшектері арасындағы бөлінісі әртүрлі бөлшектер бойынша жүзеге асырылады. Сондай-ақ, реттеудің конституциялық құрамы маңызды емес мөлшерде берілуі мүмкін, ал басқа құрамы болса өзінің мөлшері бойынша аталған реттеудің жүйесінде маңыздырақ орынға ие болады.

Мемлекеттік функцияларды қалыптастыруы, дамуы және жүзеге асыруы процесі кезінде қалыптасатын қатынастарды конституциялық реттеу сұрақтарына көңіл бөлейік. Негізінен Қазақстан Республикасының Конституциясын мысал ретінде келтірейік.

Конституциямен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруы бойынша субъектілері туралы сұрақты қарастырмай кетпеуі мүмкін емес. Ол мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруы бойынша мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың қызметтерінің сипаттамасын, мазмұнын, бағытталуын және сипатын жалпы ережелерде бекітеді. Және де осында, ең алдымен, осы сұраққа байланысты қазіргі кездегі конституциялық тәсілдің кейбір ерекшеліктерін атап айтуыма болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қоғамдық және мемлекеттік институттардың араласуына, мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдардың құруына жол берілмейді. Конституция мемлекеттік істеріне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, мемлекеттік органдардың функцияларын қоғамдық бірлестіктеріне жүктеуіне және қоғамдық ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыруына рұқсат бермейді. Солай конституция мемлекеттің және қоғамдық бірлестіктердің оқшалануын, олардың қызмет ету аяларын нақтылы түрде бөлініске салуын, кеңестік кезініне тән болған олардың арақатынасуы кезінде орын алған бірлесіп сұрақтарды шешуінің формасынна жол бермеуіне жариялайды және бағытын белгілейді. Яғни өзінің функцияларын іске асырған кезде мемлекет және оның жүйесі қазіргі кезде тек өзінің күшіне және өзінің іс-әрекетіне ғана бағыт ұстануы және сенуі керек.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік функциялардың жүзеге асырылуы халықтың мүдделеріне қарай келуіне мақсат тұтады. 1 баптың 2 бөлігінде-ақ мемлекеттік қызметтің негізін құрайтын қағидалардың қатарында ол бүкіл халықтың игілігіне қарай экономикалық дамуын атап айтады. Басқа түсінікте Конституция ерекше түрде атап көрсететіні, ол меншікпен пайдалану біржола қоғамдық игілігіне де қызмет етуі қажет екені.

Бұл және бірқатар басқа конституциялық нормалардың шығуы

болып келетіні, бұл мемлекет билігінің жалғыз қайнар көзі болып халық табылатыны, оны іске асырылуы тікелей республикалық референдум арқылы және еркін сайлау арқылы, сондай-ақ оның іске асыруын мемлекеттік органдарға беріледі.

Тікелей немесе жанама түрде Конституция кейбір мемлекеттік функциялардың мазмұнын, мөлшерін, жүзеге асырылуының нысандарын және әдіс-тәсілдерін қарастырып өтеді. Мысалы, оның бірқатар маңызды ережелері мемлекеттің экономикалық функциясына байланысты болып келеді. Қазақстан Республикасының қызметінің негізін салушы қағидаларының қатарында ол бұл халықтың игілігіне сәйкес экономикалық дамуын атап өтеді. Басқа сөзбен айтқанда, ол мемлекеттің экономикалық функциясын бүкіл халықтың қызметіне салуыды талап етеді. Өйткені экономикалық функцияның бастапқы позициясы әрқашан да басты орынға ие меншік формасы және оның басқа да меншіктің маңызды түрлерімен ара қатынасы болып табылатындығында, өйткені конституция негізнен осы сұрақтарға анықталған назар аударытындығында. Ол орын алған меншік түрлерінің ара байланысын реттейді және олардың ішіндегі маңыздылардың статусын бекітеді, олардың субъектілері, объектілері туралы сұрақтарын шешудің әдіс-тәсілдерін белгілейді және т.с.с.

Егер адам құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз ету, кепілдік беру және қорғау функциясын алатын болсақ, онда оның орнын, бағыттылығы және рөлін Қазақстан Республикасында жоғарғы құндылық болып адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары танылады дегендегі конституциялық ережеде көрініс тапқан. Оның негізінде азаматтың институттың бекітілуі, сонымен қатар адамның негізгі әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтары осы функциямен жүзеге асыруымен айналысатын мемлекеттік органдарға оның мазмұнын, іске асырудың шектерін, жүзеге асыру формалары мен әдіс-тәсілдерін айқындауға мүмкіндік беруге бағытталған.

Мемлекеттік функцияларға қатысты конституциялық нормаларды толығымен сипаттауға мүмкіндігінің болмауынан, келесі нәтижеге келуге болады, ол жоғарыда келтірілген ақпарат нормативтік-құқықтық реттеудегі Негізгі заңның басты рөлі туралы тұжырымдама жасауға жеткіліктілігі. Конституция мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруымен байланысты істің жалпы контурларын белгілейді және көрсетеді, оның алдына басты мақсаттар мен мәселерді қояды, оларға жету жолдарын көрсетеді, жетістіктерде қамтамасыз ету бағытталған басты сұрақтарды шешеді. Барлық реттеудің орталығын жасағанда, конституциялық тәсілдер мемлекеттің функциялаудың

барлық процессіне, оның әрбір функциясына сипаттамасына және бағытталуына анықтаушы әсер етеді.

Бірақ, мемлекеттің функцияларды жүзеге асыруымен байланысты қатынастарды реттеуі бойынша жұмысының ең үлкен мөлшері ағымдағы реттеуге түседі, онда заңнамалық реттеуді атап шығаруға болады. Конституциялық жазбалардан шығып, ол нақты түрде жедел, ол конституциямен не мүлдем қатыстырылмайды, немесе жанама түрде қарастырылып өтетін сұрақтарға тоқталады.